

Редакция 4		06.02.2024
WD-PLC-01	Сапа саласындағы САЯСАТ	стр: 1 из 1



Бекітемін
«West Dala» «Вест Дала»
Бас директоры
К.Ш. Салахаденов
«14» ақпан 2024ж.

«Вест Дала» ЖШС, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы сервистік компания бола отырып, өзінің қызметін жүзеге асыруда ең алдымен сапамен қамтамасыз ету және өзінің клиенттерінің қанағаттанушылығы мәселелеріне басты көңіл бөлетіндігін мәлім етеді.

Ұсынылатын қызметтерді қамтамасыз ету және олардың сапасын жетілдіру мақсаттарында, «Вест Дала» ЖШС және оның басшылардан бастап қызметкерлерге дейінгі аралықтағы барлық қызметкерлері өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- Өздерінің іс-әрекеттерін сапамен қамтамасыз ету саласындағы қолданыстағы заңнамалар мен басқа да қабылданған міндеттемелерге сәйкес жүзеге асыруға;
- Көрсетілетін қызметтердің сапасының мінсіз болуын қамтамасыз етуге ұмтылуға, кездескен қиындықтар мен сын-қатерлерді одан әрі жетілу мен компанияның кәсіби өсуінің мүмкіндігі ретінде қарауға;
- Қауіпсіздік саласындағы ішкі және сыртқы қатерлердің активтері мен ақпараттарынан адамдарды қорғауға мүмкіндік беретін жұмыс жағдайларымен қамтамасыз етуге;
- Шешімді қабылдаудың барлық стадиясында «Клиентке бағдарлау» принципі жетекші болып табылатын тәуекел-бағдарлау тәсілін қолдануға.
- Компанияның қызметкерлерін үнемі оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға, кіріктірілген менеджмент жағдайларын жақсарту мәселелері бойынша бастама көтеру үшін жағдайлар жасауға және қызметкерлерді компанияның кіріктірілген менеджмент жүйесін жетілдіруге тартуға, әрбір қызметкердің Компаниядағы позициясы мен ролін түсінуге көмектесуге.
- Менеджмент жүйесіндегі жоспарлау мен енгізу кезінде кіріктірілген менеджмент жүйесінің тұтастығын сақтауға.

Аталған саясатты жүзеге асыру үшін ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес компанияның кіріктірілген менеджмент жүйесін тиімді функцияландыру және үнемі жақсарту негіз болып табылады.

«West Dala» «Вест Дала» ЖШС-нің жоғарғы басшылығы сапа саласындағы мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуы үшін өзіне жауапкершілікті алады, сонымен бірге аталған саясаттың сөзсіз жақтаушысы екенін көрсетеді.

Жоғарыда аталған принциптерді үнемі жетілдіру мақсатында олардың жүзеге асырылуын тексеру және нәтижелеріне мерзімді талдау жасап отыру керек.

Аталған Саясат Компанияның барлық қызметкерлерінің қаперіне жеткізіледі және Компанияның ресми сайтына орналастыру жолымен барлық қызығушылық танытқандарға қолжетімді болып табылады, сонымен бірге сапа саласындағы мақсаттарды алға қою үшін негіз болып қызмет етеді.